

Н.Б. Бекқайыров*

PhD докторант
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0001-5029-4156>
e-mail: nbekayyrov@mail.ru

Л.А. Бимендиева

э.ғ.к., доцент
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0003-4965-5908>
e-mail: leila.bimendieva@kaznu.kz

Ж.Б. Қуандық

«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
мамандығының докторанты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: jasik.kktl@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық қоғамның тұтастығына, экономикалық тұрақтылыққа және тиімді басқаруға айтарлықтай қауіп төндіреді. Бүгінде мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің көп қырлы аспектілері зерттелуде. Онда сыбайлас жемқорлықты азайту үшін қолданылатын стратегиялар, соның ішінде құқықтық база, институционалдық реформалар және технологиялық жетістіктер қарастырылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қазақстандық саясаты тұтастай алғанда халықаралық құқықтық актілерге сәйкес келеді.

Ұлттық саясаттың негізінде халықаралық қоғамдастық қабылдаған дәстүрлі қағидаттар мен стандарттар қарастырылады. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық көлемі ұлғайып, қоғамның өмірі мен қызметінің барлық саласын қамтыды. Халықаралық бағалаулар бойынша еліміз сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша рейтингтер шкаласында жыл сайын «жетекші орынға» ие болып жүр. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жалпыұлттық саясатындағы негізгі векторларды өзгерту қажеттілігі ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің өсуінен туындады.

Мақалада мемлекеттік қызметтегі жемқорлықтың ерекше белгілері мен көріністері қарастырылып, пайда болу себептеріне талдау жасалынды. Сыбайлас жемқорлықтың негізгі сипаттамалары жүйеленіп, мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықты қалыптастырушы және дамытуды туындататын негізгі факторлар айқындалды. Мемлекеттік қызметтегі жемқорлық көріністерінің таралуына мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жағдайы мен жалақысының әсерін сараланды. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық туралы зерттеушілердің пікірлері, ғылыми идеялар, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың практикалық тәсілдері зерделенді. Мақалада мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен төмендету жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызметші, персоналды басқару тиімділігі, мемлекеттік қызметшілердің жалақысы.

■ Кіріспе

Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке/топтық пайда үшін немесе қоғамдық мүдделерге қайшы келетін басқа мақсаттарға жету үшін лауазымдық жағдайды, билікті, ресурстарды және мүлікті теріс пайдалану. Мемлекеттік басқару контекстінде сыбайлас жемқорлық мемлекеттік қызметтерді тиімді және әділ ұсынуға кедергі жасап, институционалдық сенім мен демократиялық басқару негіздеріне нұқсан келтіретін үлкен қауіп. Елдердің

алуан түрлілігі аясында Қазақстан жағдайын сыбайлас жемқорлық пен мемлекеттік басқарудың тиімділігі арасындағы күрделі өзара байланысты көрсететін жарқын мысал ретінде қарастыруға болады.

Отандық және шетелдік әдебиеттер базасына эмпирикалық зерттеулер мен елдегі саясатқа талдау жасай отырып, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік институттардың жұмыс істеуіне, мемлекеттік қызметтер көрсетуге және Қазақстандағы басқарудың жалпы жағдайына әсер ететін күрделі динамикасына бағалау жасалынады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық сенімге, экономикалық көрсеткіштерге және елдегі тұрақты даму перспективаларына әсері анықталады.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде әлемнің барлық елдерінде іс жүзінде кездеседі, оның ішінде «идеал мемлекеттер», демократияның «эталонына» айналған – АҚШ, Ұлыбритания, Канада және Еуроодақ елдері де кіреді. Аталған дамыған мемлекеттер, жемқорлықты ұлттық қауіп-қатер қатарына жатқызып, онымен күресу үшін көп жылға арналған стратегия жоспарлап, кешенді күрес жүргізіп келеді [1].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – қоғамның қазіргі даму кезеңінде жалпыға ортақ проблемаға айналған сыбайлас жемқорлық іс жүзінде мемлекетті басқарудың процесстерінде бірге жүруі және соның салдарынан жеке тұлға, қоғам, мемлекеттердің мүддесіне қауіп төндіруімен анықталады. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық, бірқатар басқа посткеңестік мемлекеттер сияқты, елдің экономикалық және саяси дамуына қауіп төндіреді.

Осыған байланысты мақаланың мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністерінің мемлекеттік басқарудың тиімділігіне әсерін талдау және мемлекеттік басқарудағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын ұсыну.

Сыбайлас жемқорлықтың өсуінен туындайтын әлеуметтік-экономикалық және саяси тәуекелдер мен қақтығыстар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси процесстерінің тиімділігіне күрт әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық әкімшілік ресурстарға ие мемлекеттік органдарда таралып, елдің материалдық және қаржылық ресурстарын ұтымсыз жұмсауға және мемлекеттік құрылымдарға деген сенімсіздіктің күшеюіне алып келуде. Сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттегі реформаларды жоққа шығарып, қандай да болсын мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықта сол ел туралы негативті пікір қалыптастырады.

Әдебиетке шолу. Сыбайлас жемқорлықтың экономикалық емес факторы (Non-economic drivers of corruption) модельдік көзқарасты жақтаушы Б. Франктің «Коррупция және гендер» атты мақаласында сыбайлас жемқорлыққа қатысты теориялық көзқарастар терең зерттелген [2]. Ол өз еңбегінде мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік қызметшілердің гендерлік саясаттың дұрыс жүзеге аспауында, яғни әйел адамдар мемлекеттік қызметке көп араласса, соғұрлым жемқорлық көріністері азаяды деген пікір білдірді.

Америкалық экономист Р. Клитгаард «Сыбайлас жемқорлық – бұл қылмыс, оның негізінде құмарлық емес, пайда табу есебі жатыр. Адамдар сыбайлас жемқорлыққа тәуекел аз болса, жазадан құтылу мүмкіншілігі болса, пайдалы ұтысы болған кезде бейімделе бастайды. Ал осындай жағдай мемлекеттік басқарудың өкілдеріне тән», – деп анықтады. Яғни, автор жемқорлықтың пайда болу көрінісінің ыңғайлы локациясы мемлекеттік басқару субъектілері мен қоғам арасындағы қатынаспен тікелей байланыстырып отыр. Бұл теория 1970 жылдары америкалық неоинституционалды экономистердің сыбайлас жемқорлықтың экономикалық теориялық негіздері еңбектерінде жазыла басталады. Теорияның негізгі идеясы экономиканың әр түрлі салаларын мемлекеттік реттеуде қандай да бір өкілеттілік пайда болса, сол жерде жемқорлық көріністерінің орын алу ықтималдылығы көбейеді [3, 4].

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті басқарудың тиімділігіне теріс әсер етуі туралы үнді ғалымы Раджа Кумар өзінің «India's national Magazine» журналындағы «Corruption and Human Right» мақаласында жемқорлықтан тыс қоғам қалыптастыру құқығына адамның өмір сүруі, теңдігі, ар-намысы тапталмауы құқықтары тікелей байланысты, демек, жемқорлықтан тыс қоғам қалыптастыру құқығы бұзылса, адамның басқа да құқықтары мағынасын жоғалтады деп түсіндіреді [8].

■ Материалдар мен әдістер

Бұл ғылыми зерттеу жұмыс тақырыбына арналған отандық және шетелдік дереккөздерді шолу, қолданыстағы заңнамалық базаны талдау, халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың зерттеу нәтижелеріне талдау жасалынды. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық туралы зерттеушілердің пікірлері, ғылыми идеялар, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың практикалық тәсілдеріне негізінде ұсынымдар мен мәселені оңтайландыру әдістері ұсынылды.

Ғылыми жұмыстың әдіснамалық негізіне жалпы ғылыми және жеке ғылыми бағыттарды зерттеудің әртүрлі әдістері қолданылды: талдау, салыстыру, байланыстыру.

■ Талдаулар мен талқылау

Сыбайлас жемқорлықтың себептеріне ұлттық құқықтық сананың төмен дамуы, мемлекеттік кірістер мен шығыстардың жария декларациясының және ашықтығының болмауы, қабылданған құқықтық актілердің орындалу проблемалары жатады [5, 6]. Сонымен қатар, жалақысы төмен шенеуніктер жемқорлыққа көбірек бейім болып келеді деп тұжырымдаған. Бұл теориямен көптеген мемлекет келісіп, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жағдайының төмен болуы, жемқорлыққа итермелейтін фактор ретінде мойындады. Сәйкесінше, Батыс Еуропа елдері, Малайзия мен Сингапурда мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қатаң бақылауда.

Елімізде Заңнамалық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тиісті түрде жүргізіліп жатқанын атап өтуге болады. ҚР Президентінің Жарлығымен бір мезгілде 2014 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы», 2022 жылғы 2 ақпандағы жаңадан қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа саясаты «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасында» іске асырылды [7].

Сыбайлас жемқорлықтың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс әсерін зерттей отырып, ұлт алдында тұрған өзекті мәселелер туралы түсінік қалыптасып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік басқаруды реформалаудың шешуші шараларының маңыздылығы артуда. Сыбайлас жемқорлық салдары:

1. Экономикалық тиімділік пен өнімділіктің жоғалуы: Сыбайлас жемқорлық ресурстарды бөлуді бұрмалау, бәсекелестікке нұқсан келтіру және өнімділіктің өсуіне кедергі жасау арқылы экономикаға айтарлықтай тиімділік шығындарын жүктейді. Қазақстанда мемлекеттік сатып алу, нормативтік-құқықтық актілерді орындау және лицензиялау процедуралары шеңберінде кең таралған сыбайлас жемқорлық ресурстарды тиімді бөлуге кедергі жасап, бизнестің бәсекеге қабілеттілігіне нұқсан келтіреді.

2. Байлықты қайта бөлу және теңсіздік: сыбайлас жемқорлық байлықты әділ бөлу механизмі ретінде қызмет етудің орнына, ресурстарды негізгі мемлекеттік қызметтер мен инфрақұрылымдық жобалардан алшақтату арқылы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті күшейтеді.

3. Институционалдық тұтастық пен заңдылықтың эрозиясы: сыбайлас жемқорлық мемлекеттік институттардың сенімділігі мен тиімділігіне нұқсан келтіреді, халықтың үкіметке және заңның үстемдігіне деген сеніміне нұқсан келтіреді.

4. Нарық динамикасы мен инвестициялық климаттың бұрмалануы: сыбайлас жемқорлық нарықтық динамиканы бұрмалайды, жақсы байланысы бар элиталарға артықшылық береді және бәсекелестік пен инновацияға емес, жалдау ақысын іздейтін мінез-құлыққа басымдық береді.

5. Әлеуметтік келісім және сенім тапшылығы: сыбайлас жемқорлық әлеуметтік келісімді бұзады және азаматтардың сенімсіздігін күшейтеді, өйткені ол маргиналды қауымдастықтар арасында әділетсіздік, иеліктен шығару және азаматтық құқығынан айыру сезімін тудырады [10].

Сонымен, сыбайлас жемқорлықтың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсері терең және көп қырлы болып табылады, бұл тұрақты дамуға, тиімді басқаруға және инклюзивті өсуге үлкен қиындықтар туғызады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу есеп беру тетіктерін нығайту, ашықтықты арттыру, адалдықты насихаттау және мемлекеттік мекемелерде этикалық мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру бойынша келісілген күш-жігерді қажет етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, мемлекеттік басқаруда сыбайлас жемқорлық көріністерінің пайда болуына мемлекеттік қызметшілердің тікелей қатысы бар деген көзқарастар да болды және оған қарсы ұстанымдар да табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызды проблемасы – елдің жоғарғы басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру үшін саяси ерік-жігерінің болмауы [11, 12]. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада көптеген қарама-қайшылықтар мен олқылықтар бар, бұл олқылықтарды өз мақсаттарына пайдалануға алып келеді.

АҚШ-та мемлекеттік қызметкердің орташа жалақысы 22 000 долларды құрайды, ал ұлттық орташа жалақы 13 263 долларды құрайды. Құрама Штаттар да, Сингапур да сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің алғашқы ондығына кіреді, бұл халықтың билікке деген «сенімді көзқарасы» мен мемлекеттік органдарда жемқорлықтың жоқ екенін көрсетеді. Ресейде мемлекеттік қызметкерлердің орташа жалақысы шамамен 5400 долларды құрайды, ал орташа жалақы 5225 долларды құрайды. Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік қызметшілердің көпшілігі жоғары білімі мен дағдылары бар болғанына қарамастан, елдегі орташа жалақыдан іс жүзінде айырмашылығы жоқ.

Жиналған ақпараттарды зерделей келе, кейбір мемлекеттердегі мемлекеттік қызметкердің орташа жалақысын анықтады (1-кесте). Кестеге сәйкес мемлекеттердің қызметкерлердің орташа жалақылары әр мемлекетте түрлі екенін байқадық. Қазақстандық мемлекеттік қызметкерлер мен АҚШ қызметкерлерінің орташа жалақысы 20,5 есе, Ұлыбритания 21,7 есе, Канада 20,9 есе, Ресей 2,1 есе көп екендігі анықталды. Яғни мемлекеттік қызметкерлердің орташа жалақы арасындағы айырмашылық айтырлықтай екендігі байқалады. Сәйкесінше, бұл айырмашылық мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне өз әсеріне тигізбей қоймайды [11].

1-кесте. Мемлекеттердегі мемлекеттік қызметкерлердің орташа жалақысы

Мемлекет	АҚШ	Ұлыбритания	Канада	Ресей	Қазақстан
1 айға орташа жалақы (тг)	16 642 \$ 7189000 тг	142 500 ф.ст. 7619800 тг	17 000\$ 7344000 тг	120000 р. 744000 тг	300000-350000 тг

Ескерту: [11] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік қызметшілерге арнайы әлеуметтік пакеттер қарастырылған, атап айтқанда тұрғын үймен қамтамасыз ету, мемлекеттік сыйақылар, арнайыланған жеңілдетілген несиелер. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкершілердің жалақысы да сыбайлас жемқорлықтың үлкен факторы болып табылады. Жемқорлық көріністерінің мемлекеттік басқаруда азайту үшін мемлекеттік қызметшілердің жалақы-

сын көбейту формуласы көптеген мемлекетте қолдау тапты. Қазақстан Республикасын дағы мемлекеттік қызметінде бастапқы лауазымдарға жалақы орташа 104000 теңге болса, бөлім басшысы деңгейіндегі жалақы 250 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін. Бұл жалақымен өмір сүру сапасын жақсарта алмайды, сондықтан, адамдар мемлекеттік қызметке үмітсіздіктен және тұрақтылық үшін немесе ақшадан басқа жеңілдіктер алу мақсатында барады. Сингапурда сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы жылына 25000 долларға дейін айтарлықтай көтерген, орташа жалақы 12616 долларды құрады. Сондықтан, мемлекеттік қызметшілер өз ұстанымдарын ұстап, заңды бұзуға ұмтылмайды, өзінің жұмыс орнын сақтап қалуға тырысады. Сингапур басшылығы басқа елдермен салыстырғанда мемлекеттік қызметкерлер үшін ең жоғары жалақы төлеп отыр.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімі мен оны жетілдіру жұмыстары да сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюына ықпал етеді. Білімін жетілдіру мақсатында арнайы семинар-тренингтар мен шетелдік тәжірибені меңгеріп, тәжірибе алмасуға іс-сапарларды ұйымдастыру қажет. Себебі, білімді, парасатты мемлекеттік қызметші заң бұзушылыққа бармайды деген сенім жоғары. Аталған мәселелерді шешудің халықаралық тәжірибедегі замауи әдістерді ескере отырып, келесідей жолдары анықталды:

- құқықтық базаны нығайту: пара алу, жымқыру және билікті асыра пайдалану сияқты сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қылмыстық жауапкершілікке тартатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң заңдарды енгізу және орындау. Заңдардың жан-жақты, түсінікті және қоғамның барлық салаларына, соның ішінде мемлекеттік және жеке секторларға қолданылуын қамтамасыз ету;
- ашықтық пен есептілікті арттыру: мемлекеттік операциялардың, мемлекеттік сатып алу процестерінің және қаржылық операциялардың ашықтығына ықпал ету;
- ақпарат берушілерді қорғауға жәрдемдесу: сыбайлас жемқорлық немесе теріс қылықтар туралы хабарлаған ақпарат берушілерді қорғау үшін заңдар мен саясатты жүзеге асыру;
- сот билігінің тәуелсіздігін нығайту: сыбайлас жемқорлық істерін бейтарап және тиімді қарау үшін сот билігінің тәуелсіздігін, адалдығын және кәсібилігін қамтамасыз ету;
- азаматтық қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін кеңейту: азаматтық қоғам ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) және тергеуші журналистердің үкіметтің қызметін бақылаудағы, ашықтық пен есеп беруді жақтаудағы және сыбайлас жемқорлық жағдайларын әшкерелеудегі рөлін қолдау;
- технологиялық шешімдерді енгізу: мемлекеттік қызметтің ашықтығын, есептілігін және тиімділігін арттыру үшін технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;
- этикалық көшбасшылықты насихаттау: мемлекеттік қызметкерлер, саясаткерлер және корпоративтік көшбасшылар арасында этикалық көшбасшылық, адалдық және кәсібилік мәдениетін дамыту;
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту: сыбайлас жемқорлыққа, трансұлттық парақорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы күресте халықаралық ынтымақтастық пен ынтымақтастықты нығайту;
- қоғамның қатысуын және азаматтық белсенділікті ынталандыру: азаматтық білім беруді, ақпараттық-түсіндіру кампанияларын және қоғамдық бастамаларды ілгерілету арқылы азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске тарту.

Жалпылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды институционализациялау, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қоғамның барлық салаларындағы институционалдық саясатқа, тәжірибеге және рәсімдерге біріктіру ұсынылады. Бұл ұсыныстар, мемлекеттік ерекшеліктерді ескере отырып анықталды және еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға әсер етеді деп болжанды.

■ Қорытынды

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің пайда болу себептерін жан-жақты зерделеп, теориялармен байланыстарын анықтай отырып, сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік басқарудың тиімділігіне әсері айқындалды. Мемлекетті тиімді басқару үшін жемқорлықтың кедергі болуы әсерін минималды ықтималдылыққа жеткізу үшін, арнайы ұсыныстар келтірілді. Мемлекеттік қызметкерлерді «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясын» әзірлеу барысында қатыстыру және осы стратегияны жүзеге асыруға байланысты проблемаларды ішкі жағынан шешу туралы ойларын тыңдау өте маңызды. Себебі мемлекеттік қызметкерлер өздері стратегияны жасауға қатыса отырып, олар осы ережелерді сақтауға тырысатыны белгілі. Мемлекетті тиімді басқарудағы сыбайлас жемқорлықтың рөлі мен әсерін төмендету үшін мемлекеттік және жергілікті басқарудағы мемлекеттік қызметкерлер арасында семинарлар, курстар, конференциялар өткізу қажет. Сонымен қатар, олар өздері стратегияны жүзеге асыру мен жетілдірудің жаңа жолдарын табуы үшін ашық пікірталас алаңын қалыптастыру маңызды.

Қорыта келгенде, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне сыбайлас жемқорлықтың саяси-экономикалық, әлеуметтік, құқықтық-моральдық әсері өте үлкен. Сондықтан мемлекеттік қызметкерлердің беделін көтеріп, парасатты орта қалыптастыру да өте маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Androniceanu A., Georgescu I., Kinnunen J. Public administration digitalization and corruption in the EU member states. A comparative and correlative research analysis // *Transylvanian Review of Administrative Sciences*. – 2022. – Т. 18. – №. 65. – С. 5-22. DOI:10.24193/tras.65E.1
2. Роуз-Аккерман С. Коррупция и государство: Причины, следствия, реформы. – М.: Логос, 2003. - 343 с.
3. Frank B., Lamsdorff J. G., Boehm F. Gender and corruption: Lessons from laboratory corruption experiments // *The European Journal of Development Research*. – 2011. – Т. 23. – С. 59-71. <https://doi.org/10.1057/ejdr.2010.47>
4. Van de Walle S., Migchelbrink K. Institutional quality, corruption, and impartiality: The role of process and outcome for citizen trust in public administration in 173 European regions // *Journal of Economic Policy Reform*. – 2022. – Т. 25. – №. 1. – С. 9-27. <https://doi.org/10.1080/17487870.2020.1719103>
5. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года. Утверждена Указом Президента РК от 15.10.2021 г. № 674 / Информационно-правовая системанормативных правовых актов Республики Казахстан. Электронный ресурс. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U12100000674> (қаралым күні 23.01.2024)
6. Концепция антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы. – Утверждена Указом Президента РК от 02.02.2022 г. № 802 / Информационно-правовая системанормативных правовых актов Республики Казахстан. Электронный ресурс. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200000802> (қаралым күні 23.01.2024)
7. Об антикоррупционной стратегии Республики Казахстан – Утвержден Указом Президента РК от 26.12.2014 г. № 986. Признан утратившим силу Указом Президента от 02.02.2022 г. № 802 / Информационно-правовая система «Параграф». Электронный ресурс. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31645304&show_di=1 (қаралым күні 23.01.2024)
8. Kumar C. R. Corruption and Transparency in Governance and Development: Reinventing sovereignty for promoting good governance // *Re-envisioning Sovereignty*. – Routledge, 2016. – С. 251-266.
9. Кистауова З. (2011) Казахстан в борьбе за улучшение делового имиджа // *К обществу без коррупции*. – 2011. – № 2 (15). – С. 29-31.
10. Satpayev D. Corruption in Kazakhstan and the Quality of Governance // *IDE discussion paper*. – 2014. – P. 475(29).
11. Sotola D. O., Pillay P. S. Thick concept but thin theories: a case for sector-based anti-corruption strategy // *Oxford Development Studies*. – 2022. – Т. 50. – №. 4. – С. 372-388. <https://doi.org/10.1080/13600818.2022.2080812>
12. Damm I. A. Prerequisites for the Formation of the Anti-Corruption Security Theory in the Russian Federation // *Of Siberian Federal University*. – 2021. – 14 (11). DOI: 10.17516/1997-1370-0850

REFERENCES:

1. Androniceanu A., Georgescu I., Kinnunen J. Public administration digitalization and corruption in the EU member states. A comparative and correlative research analysis // *Transylvanian Review of Administrative Sciences*. – 2022. – Т. 18. – №. 65. – S. 5-22.. DOI:10.24193/tras.65E.1
2. Rouz-Akkerman S. Korrupcija i gosudarstvo: Prichiny, sledstvija, reformy. – M.: Logos, 2003. - 343 s.
3. Frank B., Lamsdorff J. G., Boehm F. Gender and corruption: Lessons from laboratory corruption experiments // *The European Journal of Development Research*. – 2011. – Т. 23. – S. 59-71. <https://doi.org/10.1057/ejdr.2010.47>
4. Van de Walle S., Migchelbrink K. Institutional quality, corruption, and impartiality: The role of process and outcome for citizen trust in public administration in 173 European regions // *Journal of Economic Policy Reform*. – 2022. – Т. 25. – №. 1. – S. 9-27. <https://doi.org/10.1080/17487870.2020.1719103>

5. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года. Утверждена Указом Президента РК от 15.10.2021 г. № 674 / Информационно-правовая системанормативных правовых актов Республики Казахстан. Электронный ресурс. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U12100000674> (қаралым күні 23.01.2024)
6. Концепция антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы. – Утверждена Указом Президента РК от 02.02.2022 г. № 802 / Информационно-правовая системанормативных правовых актов Республики Казахстан. Электронный ресурс. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200000802> (қаралым күні 23.01.2024)
7. Об антикоррупционной стратегии Республики Казахстан – Утвержден Указом Президента РК от 26.12.2014 г. № 986. Признан утратившим силу Указом Президента от 02.02.2022 г. № 802 / Информационно-правовая система «Параграф». . Электронный ресурс. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31645304&show_di=1 (қаралым күні 23.01.2024)
8. Chen L., Aklirikou A. K. Relating e-government development to government effectiveness and control of corruption: a cluster analysis // Journal of Chinese Governance. – 2021. – Т. 6. – №. 1. – С. 155-173. <https://doi.org/10.1080/23812346.2019.1698693>
9. Kistauova Z. (2011) Kazakhstan v bor'be za uluchshenie delovogo imidzha // K obshhestvu bez korrupcii. – 2011. – № 2 (15). – С. 29-31.
10. . Satpayev D. Corruption in Kazakhstan and the Quality of Governance //IDE discussion paper. – 2014. – P. 475(29).
11. Sotola D. O., Pillay P. S. Thick concept but thin theories: a case for sector-based anti-corruption strategy //Oxford Development Studies. – 2022. – Т. 50. – №. 4. – С. 372-388. <https://doi.org/10.1080/13600818.2022.2080812>
12. Damm I. A. Prerequisites for the Formation of the Anti-corruption Security Theory in the Russian Federation //Of Siberian Federal University. – 2021.– 14 (11). DOI: 10.17516/1997-1370-0850

ВЛИЯНИЕ КОРРУПЦИИ НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

Н.Б. Беккаиров*

PhD докторант
Казахский Национальный Университет
им. аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан
<https://orcid.org/0000-0001-5029-4156>
e-mail: nbekayyrov@mail.ru

Л.А. Бимендиева

к.э.н., доцент
Казахский Национальный Университет
им. аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан
<https://orcid.org/0000-0003-4965-5908>
e-mail: leila.bimendieva@kaznu.kz;

Ж.Б. Куандык

к.э.н., доцент
Казахский Национальный Университет
им. аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан
e-mail: jasik.kkttl@mail.ru

***Аннотация.** Коррупция в системе государственного управления представляет серьезную угрозу целостности общества, экономической стабильности и эффективному управлению. Сегодня изучаются многогранные аспекты борьбы с коррупцией в сфере государственного управления. В нем рассматриваются стратегии, используемые для уменьшения коррупции, включая правовую базу, институциональные реформы и технологические достижения. Казахская политика противодействия коррупции в целом соответствует международным правовым актам.*

На основе национальной политики рассматриваются традиционные принципы и стандарты, принятые международным сообществом. Коррупция в Казахстане увеличилась и охватила все сферы жизни и деятельности общества. По международным оценкам страна ежегодно занимает «лидирующие позиции» в шкале рейтингов по индексу восприятия коррупции. Поэтому необходимость изменения основных векторов в общенациональной политике противодействия коррупции обусловлена ростом угроз национальной безопасности.

В нашей статье рассмотрены специфические признаки и проявления коррупции на государственной службе, проведен полный анализ причин возникновения. Систематизированы основные характеристики коррупции, определены основные факторы, провоцирующие формирование и развитие коррупции на государственной службе. Проанализировали влияние социального положения и оплаты труда государственных служащих на распространение коррупционных проявлений на государственной службе. Изучены мнения исследователей о коррупции в системе государственного управления, научные идеи, практические подходы к противодействию коррупции.

Ключевые слова: Коррупция, государственное управление, государственный служащий, эффективность управления персоналом, заработная плата государственных служащих.

THE IMPACT OF CORRUPTION ON PUBLIC ADMINISTRATION

N.B. Bekkairov*

PhD student
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan
<https://orcid.org/0000-0001-5029-4156>
e-mail: nbek kayyrov@mail.ru

L.A. Bimendieva

c.e.s., associate professor
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan
<https://orcid.org/0000-0003-4965-5908>
e-mail: leila.bimendieva@kaznu.kz

Zh.B. Kyandyk

c.e.s., associate professor
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan
e-mail: jasik.kkttl@mail.ru

Abstract. *Corruption in the public administration system poses a serious threat to the integrity of society, economic stability and effective governance. Today, the multifaceted aspects of combating corruption in public administration are being studied. It examines strategies used to reduce corruption, including the legal framework, institutional reforms and technological advances. Kazakhstan's anti-corruption policy generally complies with international legal acts.*

Traditional principles and standards adopted by the international community are considered on the basis of national policy. Corruption in Kazakhstan has increased and covered all spheres of life and activity of society. According to international estimates, the country annually occupies a "leading position" in the rating scale according to the corruption perception index. Therefore, the need to change the main vectors in the national anti-corruption policy is due to the growing threats to national security.

Our article examines the specific signs and manifestations of corruption in the civil service, and provides a complete analysis of the causes of its occurrence. The main characteristics of corruption are systematized, the main factors provoking the formation and development of corruption in the public service are identified. We analyzed the impact of the social status and remuneration of civil servants on the spread of corruption in the civil service. Additionally, the article explores researchers' opinions on corruption in the public administration system, scientific ideas, and practical approaches to combating corruption.

Keywords: *Corruption, public administration, civil servant, efficiency of Personnel Management, salaries of civil servants.*